

Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Шыңғырлау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 8 қарашадағы № 11-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 4 маусымдағы № 22-15 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 маусымда № 7383-07 болып тіркелді

Шыңғырлау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының "Шыңғырлау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 8 қарашадағы № 11-2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7288-07 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 1-тараудың 2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

C. Турғалиев